**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫНЫҢ**

# ӨКІМІ

# РАСПОРЯЖЕНИЕ

**ГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКРЕТАРЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

## Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдары, Астана, Алматы қалалары және облыстар әкімдері Іс-шаралар жоспарын мүлтіксіз және уақтылы орындауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын бақылауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығына жүктелсін.

5. Іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары Б.А. Майлыбаевқа жүктелсін.

**Қазақстан Республикасының**
**Мемлекеттік хатшысы** **М.Құл-Мұхаммед**

Астана, Ақорда, 2012 жылғы 18 мамыр

№ 2

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік хатшысының
2012 жылғы 18 мамырдағы
№ 2 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың**
**Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі**
**ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

| № | Іс-шаралар | Орындау мерзімі | Аяқталу нысаны | Орындау үшін жауаптылар | Орындауға бақылау |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **1. Қазақстан халқы Ассамблеясын одан әрі нығайту және дамыту** | | | | | |
| 1. | ҚХА-ның XIX сессиясындағы Мемлекет басшысы сөзінде белгіленген қағидаттарды ескере отырып ҚХА-ның 2020 жылға дейінгі стратегиясын пысықтау және қабылдау | 2012 жылдың соңына дейін | Жарлық жобасы | ҚХАХ, МАМ | ҚХАХ |
| 2. | Астана және Алматы қалалары, облыстар ҚХА хатшылықтары меңгерушілерін тәжірибелі және беделді мамандардан жасақтау | 2012 жылғы 1 қыркүйекке дейін | ҚР ПӘ есеп | Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері, ҚХАХ | ҚХАХ |
| 3. | Астана және Алматы қалалары, облыстар ҚХА хатшылықтары жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау | 2012 жылғы 1 қарашаға дейін | ҚР ПӘ есеп | Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері, ҚХАХ | ҚХАХ |
| 4. | Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының бейбітшілік, қоғамдық және этносаралық келісім мәселелері бойынша партияаралық ынтымақтастық тәжірибесін облыстық мәслихаттар деңгейінде тарату | 2012 жылғы 1 қыркүйекке дейін | ҚР ПӘ есеп | ҚР Парламенті Мәжілісінің Аппараты, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері, Астана және Алматы қалалары, облыстар мәслихаттары хатшылары, ҚХАХ | ҚХАХ |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Жоғары оқу орындарының, ұлттық компаниялардың және кәсіпорындардың ірі ұжымдарында, оның ішінде республиканың қалалары мен аудандарында ҚХА-ның жаңа жұмыс нысандарын тәжірибеге енгізу | 2012 жылғы 1 қазанға дейін | ҚР ПӘ ұсыныс | БҒМ, ЭДСМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), ҚХАХ | ҚХАХ |
| 6. | Этносаралық және конфессияаралық саланы зерттеу орталығының штатын кеңейтіп, ресурстық және кадрлық әлеуетін күшейту, оны зерттеу жүргізуге арналған тапсырыстармен қамтамасыз ету | 2012 жылғы 1 желтоқсанға дейін | ҚР ПӘ есеп | МҚІА, БҒМ, МАМ, ЕХӘҚМ, ІІМ, ҚХАХ | ҚХАХ |
| 7. | Мемлекеттік этносаясатты іске асыру және Қазақстандағы этноконфессиялық қатынастарды реттеу жөніндегі тренингтер өткізуді жалғастыру | 2012-2013 жылдар ішінде | ҚР ПӘ есеп | МҚІА, ҚХАХ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері | ҚХАХ |
| 8. | 30 жылдардың басындағы жаппай ашаршылықтың 80 жылдығына және жаппай саяси қуғын-сүргіндердің 75-жылдығына арналған шараларға ҚХА-ның қатысуын қамтамасыз ету | 2012 жылғы 1 шілдеге дейін | ҚР ПӘ есеп | ҚХАХ, МАМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері | ҚХАХ |
| 9. | Этносаралық төлеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін Еуропаның (Чехия, Словакия, Швецария, Германия) жетекші университеттерінің оқу бағдарламалары арқылы халықаралық деңгейде кеңінен таратуға қолдау көрсету | 2013 жылғы 1 сәуірге дейін | ҚР ПӘ есеп | СІМ, БҒМ, МАМ, ҚХАХ | ҚХАХ |
| 10. | Кітапхана қоры мен ҚХА-ның депозитарийіне кең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының электрондық порталын қолдау жөнінде шаралар қабылдау | 2012 жылдың соңына дейін | ҚР ПӘ есеп | ПМК, МАМ, ҚХАХ | ҚХАХ |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. | ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясындағы орталық базасында Орталық Азиядағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу халықаралық орталығын құру мүмкіндігін зерделеу | 2013 жылғы 1 ақпанға дейін | ҚР ПӘ есеп | ПМК, МҚІА, ҚХАХ | ҚХАХ |
| 12. | Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту бойынша халықаралық тәжірибені зерттеу (Малайзия тәжірибесі үлгісінде) | 2013 жылғы 1 ақпанға дейін | ҚР ПӘ ұсыныс | БҒМ | ІСБ |
| **2. Әлеуметтік жаңғыру және жастар саясаты** | | | | | |
| 13. | Жастарды күмәнді діни топтардың ықпалынан сақтайтын тиімді шаралар кешенін әзірлеу | 2012 жылғы 1 қазанға дейін | ҚР ПӘ ұсыныс | ДІА, БҒМ, МАМ, ҰҚК, БП, ІІМ | ІСБ |
| 14. | Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының жобасын әзірлеуге ҚХА-ны тартуды және жергілікті жерлердегі өзара іс-қимылдың этносаралық және дінаралық барлық аспектілерін есепке алуды қамтамасыз ету | 2012 жылғы 1 шілдеге дейін | ҚР ПӘ есеп | ПМК, ЭДСМ, ҚХАХ | ҚХАХ |
| 15. | Базалық кәсіпорындар тізбесін айқындап және жұмысшы мамандарды әзірлеудің екіжақты үлгісін біртіндеп енгізудің жоспарын әзірлеу | 2012 жылғы 1 желтоқсанға дейін | ҚР ПӘ есеп | ПМК, БҒМ, ИЖТМ, ЕХӘҚМ, ДСМ, АШМ, «Самұрық-Қазына»ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша) | ӘЭМБ |
| 16. | Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын Мемлекет басшысының қарауына енгізу | 2012 жылғы 1 қарашаға дейін | Тұжырымдама жобасы | ПМК, БҒМ, МАМ, ЭДСМ, ӘдМ, ЕХӘҚМ, ҚМ, ИЖТМ, АШМ, ДСМ, ҚТКШІА, СДША, ДІА, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша) | ІСБ, ӘЭМБ, СӘТО |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 17. | Мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі заңнаманы жаңарту | 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін | ҚР ПӘ есеп | ПМК, БҒМ, ИЖТМ, ЕХӘҚМ, ДСМ, АШМ | ІСБ, ӘЭМБ |
| 18. | БҒМ құрылымында Жастар саясаты жөніндегі комитет, ал өңірлерде – тиісті басқармалар құру | 2012 жылғы 1 шілдеге дейін | комитет және басқармаларды құру туралы есеп | ПМК, БҒМ, ЭДСМ, ҚМ, ӘдМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері | ІСБ, ӘЭМБ, МБАҰЖБ |
| 19. | Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдерінің жастар ісі жөніндегі өңірлік кеңестерге өзінің төрағалық етуін қамтамасыз ету | 2012 жылғы 1 қыркүйекке дейін | ҚР ПӘ есеп | Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері | МБАҰЖБ, ІСБ |
| 20. | Жастар үшін әлеуметтік көтергіштер қалыптастыратын заңнамалық және әлеуметтік экономикалық шаралардың жүйелі пакетін дайындау | 2012 жылғы 1 қарашаға дейін | ҚР ПӘ есеп | ПМК | ІСБ |
| 21. | Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы мәселені пысықтау | 2012 жылғы 1 шілдеге дейін | ҚР ПӘ ұсыныс | ПМК | ІСБ |
| 22. | «Нұр Отан» ХДП-ның «Жас Отан» жастар қанатының 2020 жылға дейінгі іс-қимыл стратегиясын әзірлеу және бекіту | 2012 жылғы 1 қарашаға дейін | ҚР ПӘ ақпарат | «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша) | ІСБ |
| 23. | «Халықтық IPO» бағдарламасын түсіндіруге, тұрғындардың қаржылық сауатын арттыруға белсенді қатысу | 2012 жылдың соңына дейін | ҚР ПӘ есеп | ҚХАХ, ҚМ, ЭДСМ, МАМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері | ҚХАХ |
| 24. | Индустрияландыру бағдарламасы мен экономиканы жаңғыртуды іске асыру аясында жұмыс берушілердің әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік қағидаттарын сақтауына қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету | 2012 жылың соңына дейін | ҚР ПӘ есеп | «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша), ҚХАХ | ҚХАХ |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 25. | Жұмысқа орналасу және оқу орындарына түсу кезінде туыстық, жершілдік және жеке адалдық, сондай-ақ басқа да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерімен күресті күшейту жөнінде кешенді шаралар қабылдауды қамтамасыз ету | 2012 жылдың соңына дейін | ҚР ПӘ баяндама | ПМК, МҚІА, БҒМ, ЕХӘҚМ, ЭҚСЖҚКА | ҚҚЖБ |
| 26. | Спорттық объектілер мен ғимараттардың, сондай-ақ білім беру мекемелерінде спорттық кешендердің азаматтар үшін кешкі уақытта және демалыс күндері қолжетімді болуын қамтамасыз ету | 2012 жылғы 1 қыркүйекке дейін | ҚР ПӘ ақпарат | СДША, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері | ІСБ |
| 27. | Әзірленіп жатқан «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы аясында келесі шарттарды: жалдау ақысын тұрғын үй құнына қосуды, төлем қабілеттілігін, жастарға басымдық беруді ескере отырып жалға алу арқылы кейіннен құнын төлеп сатып алудың ашық тетіктерін қарастыру | 2012 жылғы маусым | ҚР ПӘ ақпарат | ҚТКША, ЭДСМ, ҚМ, ЕХӘҚМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдері, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша) | ӘЭМБ, МБАҰЖБ |
| 28. | «Болашақ бүгіннен басталады!» акциясы аясында жастардың Мемлекет басшысымен кездесуін қамтамасыз ету | 2013 жылғы 1 сәуірге дейін | Кездесулер өткізу туралы есеп | МАМ, БҒМ, Қазақстанның Азаматтық альянсы (келісім бойынша) | ІСБ, ҚХАХ |
| 29. | Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларының, депутаттардың жастар, әсіресе студенттер алдында жүйелі түрде сөз сөйлеуін ұйымдастыру | 2013 жылғы 1 сәуірге дейін | ҚР ПӘ есеп | ПМК, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің аппараттары, БҒМ, Астана және Алматы қалалары әкімдері | ІСБ, МБАҰЖБ |
| 30. | Президенттің – ҚХА Төрағасының XIX сессияда берген тапсырмаларының орындалуына қоғамдық бақылау орнату | 2013 жылғы 1 сәуірге дейін | ҚХА Кеңесіне есеп | ҚХАХ, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша) | ҚХАХ |

**Ескертпелер:** Аббревиатуралардың таратылып жазылуы:

«Нұр Отан» ХДП – «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ӘдМ – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ӘЭМБ – Президент Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі
БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
БП – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ДІА – Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі
ЕХӘҚМ – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ҚҚЖБ – Президент Әкімшілігі Құқық қорғау жүйесі бөлімі
ҚМ – Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі
ҚР ПӘ – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
ҚТКША – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
ҚХА – Қазақстан халқы Ассамблеясы
ҚХАХ – Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы
МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
МБАҰЖБ – Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімі
МҚІА – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
ПМК – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі
СӘТО – Президент Әкімшілігінің Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығы
СДША – Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру агенттігі
СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ҰҚК – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІСБ –Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі
ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
ЭҚСЖҚКА – Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)

---

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫСЫНЫҢ

# ӨКІМІ

# РАСПОРЯЖЕНИЕ

ГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКРЕТАРЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## О Плане мероприятий по реализации поручений Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А., данных на XIX сессии Ассамблеи народа Казахстана

1. Утвердить прилагаемый План мероприятий по реализации поручений Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А., данных на XIX сессии Ассамблеи народа Казахстана (далее – План мероприятий).

2. Центральным и местным государственным органам Республики Казахстан, акимам гг. Астаны, Алматы и областей обеспечить неукоснительное и своевременное исполнение Плана мероприятий.

3. Руководителям структурных подразделений Администрации Президента Республики Казахстан принять меры по обеспечению контроля за своевременным исполнением Плана мероприятий.

4. Координацию работы по реализации Плана мероприятий возложить на Секретариат Ассамблеи народа Казахстана Администрации Президента Республики Казахстан.

5. Контроль за исполнением Плана мероприятий возложить на заместителя Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан Майлыбаева Б.А.

**Государственный секретарь**
**Республики Казахстан** **М.Кул-Мухаммед**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӘКІМШІЛІГІ

Астана, Акорда, 18 мая 2012 года

№ 2

УТВЕРЖДЕН
распоряжением
Государственного секретаря
Республики Казахстан
от 18 мая 2012 года
№ 2

**ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ**
**по реализации поручений Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А., данных на XIX сессии Ассамблеи народа Казахстана**

| № | Мероприятие | Сроки исполнения | Форма завершения | Ответственные за исполнение | Контроль за исполнением |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | **1. Дальнейшее укрепление и развитие Ассамблеи народа Казахстана** | | | | |
| 1. | Доработать и принять Стратегию развития АНК до 2020 года с учётом подходов, обозначенных в выступлении Главы государства на XIX сессии АНК | до конца 2012 года | проект Указа | САНК, МКИ | САНК |
| 2. | Укомплектовать состав заведующих секретариатами АНК гг.Астаны и Алматы, областей опытными и авторитетными кадрами | до 1 сентября 2012 года | отчет в АП РК | акимы гг.Астаны и Алматы, областей, САНК | САНК |
| 3. | Принять меры по обеспечению эффективной работы секретариатов АНК гг.Астаны и Алматы, областей | до 1 ноября 2012 года | отчет в АП РК | акимы гг.Астаны и Алматы, областей, САНК | САНК |
| 4. | Распространить опыт депутатской группы Ассамблеи народа Казахстана организации межпартийного сотрудничества по вопросам мира, общественного и межэтнического согласия на уровень областных маслихатов | до 1 сентября 2012 года | отчет в АП РК | Аппарат Мажилиса Парламента РК, акимы гг.Астаны и Алматы, областей, секретари маслихатов гг.Астаны и Алматы, областей, САНК | САНК |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Внедрить в практику новые формы работы АНК в крупных коллективах вузов, национальных компаний и предприятий, в т.ч. на уровне городов и районов республики | до 1 октября 2012 года | предложения в АП РК | МОН, МЭРТ, акимы гг.Астаны и Алматы, областей, АО «ФНБ «Самрук-Казына» (по согласованию), САНК | САНК |
| 6. | Расширить штат, усилить ресурсный и кадровый потенциал Центра по изучению сферы межэтнических и межконфессиональных отношений, обеспечить его заказами на проведение исследований | до 1 декабря 2012 года | отчет в АП РК | АДГС, МОН, МКИ, МТСЗН, МВД, САНК | САНК |
| 7. | Продолжить проведение тренингов по вопросам реализации государственной этнополитики и регулирования этноконфессиональных отношений в Казахстане | в течение 2012-2013 гг. | отчет в АП РК | АДГС, САНК, акимы гг.Астаны и Алматы, областей | САНК |
| 8. | Обеспечить участие АНК в мероприятиях, посвященных 80-летию массового голода начала 30-х годов и 75-летию массовых политических репрессий | до 1 июля 2012 года | отчет в АП РК | САНК, МКИ, акимы гг.Астаны и Алматы, областей | САНК |
| 9. | Оказать поддержку в международном распространении опыта казахстанской модели межэтнической толерантности и общественного согласия через учебные программы ведущих университетов Европы (Чехия, Словакия, Швейцария, Германия) | до 1 апреля 2013 года | отчет в АП РК | МИД, МОН, МКИ, САНК | САНК |
| 10. | Принять меры по поддержке электронного портала Национальной академической библиотеки РК для программного обеспечению широкого доступа к источникам библиотеки и депозитария АНК | до конца 2012 года | отчет в АП РК | КПМ, МКИ, САНК | САНК |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 11. | Изучить возможность создания Международного центра по изучению межэтнических и межконфессиональных отношений в Центральной Азии на базе Центра Академии государственного управления при Президенте РК | до 1 февраля 2013 года | отчет в АП РК | КПМ, АДГС, САНК | САНК |
| 12. | Изучить вопрос внедрения международного опыта преподавания естественнонаучных дисциплин на английском языке (на примере Малайзии) | до 1 февраля 2013 года | предложения в АП РК | МОН | ОВП |
| **2. Социальная модернизация и молодежная политика** | | | | | |
| 13. | Выработать эффективный комплекс мер по ограждению молодежи от влияния псевдорелигиозных групп | до 1 октября 2012 года | предложения в АП РК | АДР, МОН, МКИ, КНБ, ГП, МВД | ОВП |
| 14. | Обеспечить привлечение АНК к разработке Концепции развития местного самоуправления и учет в проекте всех аспектов межэтнического и межрелигиозного взаимодействия на местах | до 1 июля 2012 года | отчет в АП РК | КПМ, МЭРТ, САНК | САНК |
| 15. | Определить перечень базовых предприятий и разработать пошаговый план внедрения дуальной модели системы подготовки рабочих кадров | до 1 декабря 2012 года | отчет в АП РК | КПМ, МОН, МИНТ, МТСЗН, МЗ, МСХ, АО «ФНБ «Самрук-Казына» (по согласованию) | ОСЭМ |
| 16. | Внести на рассмотрение Главы государства проект Концепции государственной молодежной политики до 2020 года | до 1 ноября 2012 года | проект Концепции | КПМ, МОН, МКИ, МЭРТ, МЮ, МТСЗН, МФ, МИНТ, МСХ, МЗ, АДСиЖКХ, АДСиФК, АДР, акимы гг. Астаны и Алматы, областей, НДП «Нур-Отан» (по согласованию) | ОВП, ОСЭМ, ЦСРА |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 17. | Обновить законодательство по вопросам государственной молодежной политики | до 1 января 2013 года | отчет в АП РК | КПМ, МОН, МИНТ, МТСЗН, МЗ, МСХ | ОВП, ОСЭМ |
| 18. | Создать в структуре МОН Комитет по молодежной политике, а в регионах – соответствующие управления | до 1 июля 2012 года | отчет о создании комитета и управлений | КПМ, МОН, МЭРТ, МФ, МЮ, акимы гг.Астаны и Алматы, областей | ОВП, ОСЭМ, ОГКОТР |
| 19. | Обеспечить личное председательство акимов гг.Астаны и Алматы, областей в региональных советах по делам молодежи | до 1 сентября 2012 года | отчет в АП РК | акимы гг.Астаны и Алматы, областей | ОГКОТР, ОВП |
| 20. | Подготовить системный пакет законодательных и социально-экономических мер по формированию социальных лифтов для молодежи | до 1 ноября 2012 года | отчет в АП РК | КПМ | ОВП |
| 21. | Проработать вопрос о создании при Евразийском национальном университете им. Л.Н.Гумилева научно-исследовательского центра «Молодежь» | до 1 июля 2012 года | предложения в АП РК | КПМ | ОВП |
| 22. | Разработать и утвердить Стратегию действий молодежного крыла НДП «Нур Отан» «Жас Отан» до 2020 года | до 1 ноября 2012 года | информация в АП РК | НДП «Нур Отан» (по согласованию) | ОВП |
| 23. | Принять активное участие в разъяснении программы «Народное IPO», повышении финансовой грамотности населения | до конца 2012 года | отчет в АП РК | САНК, МФ, МЭРТ, МКИ, АО «ФНБ «Самрук-Казына» (по согласованию), акимы гг.Астаны и Алматы, областей | САНК |
| 24. | Обеспечить общественный контроль за соблюдением работодателями принципов социальной ответственности и справедливости в рамках реализации индустриальной программы и модернизации экономики | до конца 2012 года | отчет в АП РК | НДП «Нур Отан» (по согласованию), САНК | САНК |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| 25. | Обеспечить принятие комплексных мер по усилению борьбы с фактами родства, землячества и личной преданности, а также коррупционными правонарушениями при трудоустройстве и поступлении в учебные заведения | до конца 2012 года | доклад в АП РК | КПМ, АДГС, МОН, МТСЗН, АБЭКП | ОПС |
| 26. | Обеспечить доступность для граждан спортивных объектов и сооружений, а также спортивных комплексов в учреждениях образования в вечернее время и выходные дни | до 1 сентября 2012 года | информация в АП РК | АДСиФК, акимы гг. Астаны и Алматы, областей | ОВП |
| 27. | В рамках разрабатываемой единой Программы «Доступное жилье – 2020» предусмотреть прозрачные механизмы предоставления арендного жилья с последующим выкупом с учетом следующих условий: включение арендной платы в счет стоимости жилья, платежеспособность, приоритет молодежи | июнь 2012 года | информация в АП РК | АДСиЖКХ, МЭРТ, МФ, МТСЗН, акимы г.г. Астаны, Алматы, областей, АО «ФНБ «Самрук-Казына» (по согласованию) | ОСЭМ, ОГКОТР |
| 28. | Обеспечить проведение встреч Главы государства с молодежью в рамках акции «Будущее начинается сегодня!» | до 1 апреля 2013 года | отчет о проведении встреч | МКИ, МОН, Гражданский альянс Казахстана (по согласованию) | ОВП, САНК |
| 29. | Организовать регулярные выступления руководителей центральных и местных исполнительных органов, депутатов перед молодежью, особенно студенческой | до 1 апреля 2013 года | отчет в АП РК | КПМ, аппараты Сената и Мажилиса Парламента РК, МОН, акимы г.г. Астаны, Алматы, областей | ОВП, ОГКОТР |
| 30. | Установить общественный контроль за исполнением поручений Президента – Председателя АНК, данных на XIX сессии | до 1 апреля 2013 года | отчет на Совете АНК | САНК, НДП «Нур Отан» (по согласованию) | САНК |

**Примечание:** расшифровка аббревиатур:

АБЭКП – Агентство Республики Казахстан по борьбе экономической и коррупционной преступностью (финансовая полиция)
АДГС – Агентство Республики Казахстан по делам государственной службы
АДР – Агентство Республики Казахстан по делам религии
АДСиЖКХ – Агентство Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
АНК – Ассамблея народа Казахстана
АО «ФНБ «Самрук-Казына» – акционерное общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына»
АП РК – Администрация Президента Республики Казахстан
АДСиФК – Агентство спорта и физической культуры Республики Казахстан
ГП – Генеральная прокуратура Республики Казахстан
КНБ – Комитет национальной безопасности Республики Казахстан
КПМ – Канцелярия Премьер-Министра Республики Казахстан
МВД – Министерство внутренних дел Республики Казахстан
МЗ – Министерства здравоохранение Республики Казахстан
МИД – Министерство иностранных дел Республики Казахстан
МИНТ – Министерство индустрии и новых технологий Республики Казахстан
МКИ – Министерство культуры и информации Республики Казахстан
МОН – Министерство образования и науки Республики Казахстан
МСХ – Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан
МТСЗН – Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан
МФ – Министерство финансов Республики Казахстан
МЭРТ – Министерство экономического развития и торговли Республики Казахстан
МЮ – Министерство юстиции Республики Казахстан
НДП «Нур Отан» – Народно-демократическая партия «Нур Отан»
ОВП – Отдел внутренней политики Администрации Президента
ОГКОТР – Отдел государственного контроля и организационно-территориальной работы Администрации Президента
ОПС – Отдел правоохранительной системы Администрации Президента
ОСЭМ – Отдел социально-экономического мониторинга Администрации Президента
САНК – Секретариат Ассамблеи народа Казахстана
ЦСРА – Центр стратегического анализа и разработок Администрации Президента